

Мачнева Светлана Григорьевна еңбек ардагері, КСРО ағарту ісінің үздігі, ҚазКСР Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстанның педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті мүшесі.

Өзінің еңбек жолындағы 59 жылда, математика мұғалімінен Қостанай облысының білім басқармасының 1986-1995 жылдардағы бастығына дейін өсудің барлық сатыларынан өтті.

Светлана Григорьевнаның қызметі білім беру жүйесін жетілдіруге, білім алушылардың білім сапасын арттыруға, шағын жинақтағы мектептер проблемаларын шешуді іздестіруге бағытталған. Оның басты жетістігі – мектеп-балабақшаларын ашу идеясы. Бұл озық тәжірибе алдымен облыстың барлық аудандарында жалғасын тауып, соның нәтижесінде жүзден астам мектеп-балабақшасы ашылды, содан кейін бүкіл республикада ашыла бастады.

Бүгінде зейнеткер болса да түрлі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді қатысып келеді (*Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Көпэтномәдени әлемдегі Абай мұрасы», «Жаһандану дәуіріндегі техникалық және кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері», «Қазіргі орта кәсіптік білім беруді оны жаңарту жағдайында дамыту»*).

Қостанай облысының білім беру саласын дамытудағы зор еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту орденімен», «Құрмет белгісі» орденімен, Ыбырай Алтынсарин атындағы медалімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, «КСРО ағарту ісінің үздігі» белгісімен, «ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған, Қазақстанның педагогика ғылымдары академиясының құрметті мүшесі болып табылады.

Қостанай облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 61 шешімімен С.Г. Мачневаға «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Мачнева Светлана Григорьевна - ветеран труда, отличник просвещения СССР, отличник народного просвещения КазССР, почетный член Академии педагогических наук Казахстана.

За период своей трудовой деятельности – 59 лет - прошла все ступени роста от учителя математики до начальника Управления образования Костанайской области с 1986 по 1995 годы.

Деятельность Светланы Григорьевны была направлена на совершенствование системы образования, повышение качества знаний обучаемых, поиск решения проблем малокомплектной школы. Ей принадлежит идея – открытие школ – садов. Этот передовой опыт нашел продолжение сначала во всех районах области, их было открыто более ста, а затем во всей республике.

Будучи на пенсии, и сейчас принимает активное участие в различных международных научно-практических конференциях (*«Наследие Абая в полиэтнокультурном мире»*, посвященной 175-летию Абая Кунанбаева, *«Актуальные проблемы технического и профессионального образования в эпоху глобализации»*, *«Развитие современного среднего профессионального образования в условиях его обновления»*).

За высокие заслуги в развитии образования Костанайской области награждена «Орденом Трудового Красного Знамени», орденом «Знак почета», медалью им. И. Алтынсарина, медалью «За трудовую доблесть», медалью «За освоение целинных и залежных земель», медалью «Ветеран труда», знаком «Отличник просвещения СССР», знаком «Отличник народного просвещения КазССР», является почетным членом Академии педагогических наук Казахстана.

Решением Костанайского областного маслихата № 61 от 21 июня 2021 года Мачневой С.Г. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».

